

Теректі негізгі мектебі бойынша
2021-2022 оқу жылындағы
Мектепшілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы

Теректі негізгі мектебінде 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының жүргізілуі мен оқушыларға қосымша білім беруді бақылау, жеке тұлғаның жан - жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында мектепшілік бақылау жоспары төмендегідей он негізгі бақылау нысаны негізінде жүзеге асырылды.

Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарын тексеру және бекітуді іске асыру. Аталған нысан негізінде сынып жетекшілердің ӘБ тәрбие жоспарын талқылау және жүзеге асыру, сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыстарды күшейту, енді бастаған сынып жетекшілерге қолдауларды ұйымдастыруға бақылау жасалып, уақытылы кеңестер, ұсыныстар берілді.

Білім алушылардың өзін – өзі басқаруға тартылуы, мектептің тәрбие процесіне белсенді қатысуы. Сынып жетекшілерімен бірқатар оқыту әдістемелік іс-шараларын өткізу, оқушылардың өзін – өзі басқару жұмысының жүйесін өзгерту бойынша мәселелер бақылауға алынды. Бұл нысан негізінде жұмыстар жүйелі, талапқа сай ұйымдастырылған.

Мектеп пен отбасының әрекеттестігі. Сынып жетекшілердің ата – аналармен жұмысын күшейту (оқыту семинары, ата – аналар жиналысын бірлесіп әзірлеу, ата – аналармен өзара іс – қимылдың жұмыс нысандарының әртүрлілігі және т.б.) Ата – аналардың, ата – аналар комитетінің сынып пен мектептің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру бақылауда басшылыққа алынды. Нәтижесінде ата–аналардың ата – аналар жиналысына қатысымы, хаттамалардың уақытылы жазылуы, іс – шаралардың талапқа сай ұйымдастырылуы өз деңгейіне сай орындалған. Атап айтарлықтай ұсыныстар болған жоқ.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Зорлық – зомбылықтың алдын алу. Аталған нысан негізінде келесідей мәселелер қаралды. 1. Турникет пен бейнекамера жұмысының істен шығу қаупі. 2. Оқушылар өмірінің қауіпсіздігіне жауапты сынып жетекшісінің немқұрайлы қарау қаупі. 3. Отбасындағы, мектептегі зорлық – зомбылық, қорлау, буллинг жағдайлары анықталғанда әлеуметтік педагог пен психолог жұмысындағы немқұрайлық қаупі. 4. Оқушылар ұжымындағы тұлғааралық проблемалардың алғашқы сигналдарын елемей қаупі. Нәтижесінде Бейнекамералардың, турникеттің үздіксіз жұмыс жасап тұрғандығы, сынып жетекшісінің қауіпсіздік, төзімділік мәселелері бойынша, ұжымдық құндылықтарды қалыптастыру бойынша сыныбымен жұмыс істеу әдістері мен нысандарының уақытылы орындалғандығы анықталды. Психолог пен сынып жетекшілердің жұмысы бірлесе келе қақтығыстардың туындау жағдайларын,

буллинг, қауіпсіздікті бұзу фактілерін анықтау үшін оқушылар мен ата – аналарға сауалнама жүргізу бойынша ұсыныс берілді. Ұсыныстың орындалуы уақытылы бақыланып, ұсыныстың орындалғандығына көз жеткізілді.

Оқушылардың сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға қатысуы. Басшылыққа алынған мәселеле: 1. Білім алушылардың білім беру сапасын төмендету қаупі. 2. Құқық бұзушылықтардың туындау қаупі. 3. Қараусыз қалған мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу сапасын төмендету қаупі. Нәтижесінде: Себепсіз сабақ жіберген оқушылар жоқ. Мектепте ішкі істерде, мектепшілік есепте тұрған, құқық бұзған оқушылар тіркелмеген. Сыныптағы білім сапасы қалыпты. Қараусыз қалған, қамқоршылықтағы т.с.с. оқушылар жоқ. Құқықбұзушылыққа жол берілмеушіліктің алдын алу бойынша әңгімелесу, сынып сағаттары, жиналыс, ұлдар, қыздар кеңесінің отырысы т.с.с. іс – шаралар өткізілгендігі анықталды. Ерекше ескерту, ұсыныстар болмады.

Әлеуметтік әлсіз топтағы балалармен жұмыс. Әлеуметтік қорғаусыз қалған отбасылар жоқ. Аз қамтылған отбасы балаларына материалдық көмектер көрсетілген. Аз қамтылған отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтылған, демалыс лагерлеріне тартылды. Жүйелі жоспарлы жалпы жұмыстар жүргізілді.

Қосымша білім беру мен сыныптан тыс жұмысты жүргізу деңгейі. Аталған нысанды басшылыққа алудағым негізгі мәселелер: Үйірме жұмыстары мен спорттық секциялардың формальды түрде ұйымдастырылуы «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының өзін – өзі басқару органдарымен әлсіз жұмысы, «Балалар және театр», дебаттық қозғалыс, «Оқуға құштар мектеп» жобаларының жұмыстарын формальды түрде ұйымдастыру. Нәтижесінде Спорттық секциялар мен үйірмелердің жұмысына оқушылар мен ата – аналардың қанағаттануына мониторинг жүргізілген. Үйірмелерге оқушылардың қатысым журналы жүргізілген. Оқушылардың қатысымы жоғары. Іс – құжаттары жасақталған. Оқушылардың өзін – өзі басқаруының, сыныптан тыс жобаларға қатысушылардың жұмысын күшейту. Аталған ұсыныстың орынын толықтыруға уақыт беріліп, қайта бақылау жасалды. Ұсыныс талапқа сай жүзеге асырылды.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жоспары. Жазғы демалыс білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда жүйелі ұйымдастырылған. Оқушылар жазғы демалыс лагері, еңбек лагері, ойын алаңы, қала сыртындағы лагерлерге толық қамтылған. Оқушылар мен ата – аналардың сұраныстары негізінде мектеп жанындағы лагерьдің жұмыс жоспарлары әзірленген. Мектеп жанындағы лагерьде балалардың қауіпсіздігі жүйесін қамтамасыз ету бойынша қауіпсіздік шаралары сақталған.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қазыбаева Г.Е.